

Бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Бердибекованың 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарының мәтіндік есебі.

Мектебімізде 2024-2025 оқу жылында жалпы мұғалім саны 92

Жоғарғы оқу орнын бітірген мұғалімдер саны -98, орта арнаулы оқу орнын бітірген мұғалім саны -3, шебер санатындағы мұғалім саны -3, зерттеуші-28, сарапшы –28, модератор-16, педагог-4, санатсыз-16 мұғалім жұмыс атқарады.

2024-2025 оқу жылында төмендегідей мұғалімдер әдістемелік бірлестік жетекшілері сайланды

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні
1	Арынова Гулпаршын Гаппаровна	Қазақ тілі мен әдебиеті
2	Цой Элла Алексеевна	Орыс тілі мен әдебиеті
3	Нурымбетова Лаура Жалғасовна	Ағылшын тілі пәні бірлестігі
4	Атабаева Нағима	Бастауыш сынып
5	Қосаева Нуржамал Қорғанбаевна	Тарих және география
6	Демеуова Сандұған Жүгінниевна	МИФ
7	Аскарова Азиза Ержановна	Химия және биология
8	Ділдабек Нұрболат Жиенбекұлы	Дене шынықтыру
9	Турсынбаев едил Кахарович	Эстетикалық пәндер

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебі бойынша пән апталықтары мен онкүндіктер кестесі түзіліп бекітілді.

№	Бірлестік атауы	Мерзімі
1	«Тіл мәртебесі-Ел мәртебесі» тілдер пәні бірлестігінің онкүндігі	9-19қыркүйек
2	Бастауыш сынып бірлестігінің апталығы	23-28 қыркүйек 21-25 сәуір
3	Ағылшын тілі пәні бірлестігінің апталығы	7-11 қазан
4	Орыс тілі пәні бірлестігінің апталығы	18-23 қараша
5	Тарих-география пәні бірлестігінің онкүндігі	3-13 желтоқсан
6	Математика, физика, информатика пәні бірлестігінің жоспары	20-24 қаңтар
7	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің апталығы	3-7 ақпан
8	Химия-биология пәні бірлестігінің апталығы Ағылшын пәні бірлестігінің апталығы	17-21 ақпан
9	Технология, музыка, бейнелеу пәні бірлестігінің апталығы	10-14 наурыз
10	Денешынықтыру пәні бірлестігінің апталығы	7-11 сәуір

Мектептегі өткізілген әдістемелік іс-шаралар:

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім береін мектебі бойынша 2024-2025 оқу жылында орта білім сапасы деңгейін арттыру бойынша әдістемелік кешенді іс-қимыл жоспары құрылып, жауапты мамандар бекітілді.

Мектептің жоспарына сәйкес қазан айының сәйкес 9-19 қыркүйек күндері аралығында «**Тіл мәртебесі-Ел мәртебесі**» тілдер бірлестігінің онкүндік іс-шаралары болып өтті.

23-28 қыркүйек күндері аралығында бастауыш сынып бірлестігінің, 7-11 қазанда ағылшын тілі пәнінің, 18-23 қараша күндері математика, физика, информатика пәндерінің, 2-6 желтоқсан аралығында тарих-география пәндері бойынша апталықтар өткізілді. Апталықтар барысында барлық бірлестік мүшелері ашық сабақ, сыныптан тыс тәрбие сағаттары, интеллектуалдық марафондар, пікірсайыс пен кештер ұйымдастырды. Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желілерге жарияланып, апталық қорытындысында үздік қатысқан оқушылар мен сыныптар мектеп директорының «Мадақтамасымен» марапатталды.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес қараша айының 12-не информатика және математика-физика бірлестіктерінің ұйымдастыруымен тәжірибелі ұстаздардың іс-тәжірибесімен бөлісу, АКТ-ны тиімді қолдануды үйретуге бағытталған «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару» және желтоқсан айының 11-не «Қалыптастырушы бағалауды жүргізуде қолданылатын әдіс-тәсілдер» тақырыптарында мектепшілік семинар өткізілді. Бірінші семинарда биылғы оқу жылында мектепке келген интерактивті тақталардың мүмкіндіктері, оқушыларды бағалаудың, топтарға біріктірудің, тапсырмаларды түрлендіру барысы ашып көрсетілсе, кейінгісінде оқу сапасын жақсартуда қалыптастырушы бағалаудың рөлі, топтық, жұптық, жеке жұмыс кездеріндегі қолдануға ұсынылатын бағалау әдістемен бөлісті.

Жас мамандармен жүргізілген әдістемелік жұмыстар:

2024-2025 оқу жылының жас мамандар мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес «Педагогикалық-психологиялық міндеттер мен проблемалық ситуацияларды шешу жолдары» тақырыбында практикалық сабақ өткізілді. Аталған сабақ барысында директордың бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары Бердибекова Гаухар қазіргі мұғалімдер үшін өмір бойы оқумен қатар, озық жаңалықтармен уақытында танысып отыру міндет екендігін айта келе, оқушыларды пәнге қызықтыру, жаңа бағдарламалармен жұмыс істеу жайлы түсіндірмелермен бастады. Келесі кезекте жас маманның өзін үлгілі ұстаз ретінде көргісі келсе, онда жадында ұстауы тиіс 10 кеңесін ұсынды.

Мектеп психологы Л.Қалиева сабақ барысында жағымды психологиялық ахуал туғызудың маңыздылығын түсіндіре келе жас мамандарға арналған «Менің таңдауым» психологиялық тренингін өткізді.

«Lesson study» әдісі мен тәжірибесін ендіру бойынша атқарылған жұмыстар:

25.11.2024ж. күні мектепте «Lesson study» әдісін жүзеге асыру туралы мектеп директорының бұйрығы шығарылып, 4 «Б» сынып оқушыларын зерттеуге алды. Әр пән бойынша жауапты мұғалімдер бекітілді. 12.09.2024ж. Мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарылатуда бірлесіп оқушыларды жан-жақты зерттеу арқылы жұмыс жасайтын педагогикалық тәсіл туралы білуге, тәжірибе алмасуға бағыттау мақсатында орыс тілі пәні мұғалімі Э.А.Цойдың ұйымдастыруымен «Lesson study» әдісін сабақта қолданудың тиімділігі тақырыбында коучинг өткізілді.

Жетекші мектеп және серіктестік мектептердің атқарған жұмыстары:

Желілік қауымдастық жұмысы арқылы оқу үдерісіне жаңа тәсілдерді енгізу арқылы мұғалімдердің кәсіби өсуін және оқушылардың шығармашылық және интеллектуалды дамуын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында «Ғасыр үні» серіктес мектептермен бірлескен жылдық жоспары құрылып, бекітілді.

Серіктес мектептердің координаторы Б.Сокпакбаев мектебінің ұйымдастыруымен оқу-тәрбие үдерісіне жанартылған білім мазмұнын тиімді ендіруге бағытталған іс-шаралар жүргізілді. Атап айтқанда, «Білім берудегі жаңа үдерістер», «Дарынды бала-білімді елдің кепілі» тақырыптарында тәжірибе алмасу семинарлары өткізілді.

«Олимпиадалық резерв мектебі» жұмысы:

Оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау мақсатында «Олимпиада резервтері мектебі» құрылып, олимпиадаларға дайындау мақсатында арнайы қосымша сабақтар кестесі жасалды. Кестеге сәйкес олимпиадаға дайындық сабақтары жүргізілуде.

Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша бірлестік жетекшілерінің жауаптылығымен оқушылар олимпиадасының тест тапсырмаларының базасы құрылды. Онда оқушыларға олимпиадаларға дайындық жүргізу мақсатында тест тапсырмалары мен басқа да материалдар ұсынылып, пән мұғалімдері тарапынан кеңестер беріліп отырады. 2024 жылдың 25 қыркүйек күні өткен 11 сынып оқушыларына арналған жаратылыстану-математика цикл пәндері бойынша өткен **Президенттік олимпиаданың** аудандық кезеңі болып өтті. Мектебімізден 11 «А» сынып оқушысы Мейрамбек Ерсайын қатысты. Математика, физика, химия, биология пәндері бойынша қатысып қайтты.

11 қазан күні 5-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік пәндер олимпиадасы болып өтті. Бұйрық бекітіліп, кабинеттің ішінде жауапты мұғалімдер бекітілді. Оқушылар түгел қатыстырылып, хаттамалар уақытылы толтырылды. 9-11 сыныптардан 1 орын ие болған 27 оқушы аймақтық олимпиадаға қатысып, аудандық олимпиадаға 24 оқушы қатыстырылды. Нәтижесінде аудандық олимпиадаға қатысқан 24 оқушыдан 13 оқушымыз жүлделі орындарды иеленіп, екі оқушымыз облыстық олимпиадаға жолдама алды. Олар : математика пәнінен Мейрамбек Ерсайын -11 «А» сынып оқушысы жетекшісі С.Демеуова Информатика пәнінен Айтбай Асылжан -10 «А» сынып оқушысы . жетекшісі Ж.Омарова

9-10 желтоқсан күндері өткізілген 7-8 сынып оқушыларының аудандық пән олимпиадасына 24 оқушы қатысып, 18 оқушымыз жүлделі орындарды иеленді. Жалпы 5-11 сыныптардың пән олимпиадасында 64 оқушы қатыстырылып, оның ішінде 41 оқушы жүлделі орындады иеленсе, 6 оқушымыз облыстық олимпиадаға жолдама алды. Бір оқушымыз «Бастау» олимпиадасынан облыстан жүлделі 3 орынды иеленді .

Бұл көрсеткіш өткен оқу жылымен салыстырғанда алға ілгерілеушілік бар екенін көрсетіп тұр.

№	Аты-жөні, әкесінің аты	Сыныбы	Пәні	Жетекшісінің аты-жөні	Денгейі		орны
1	Жәнібек Назерке Болатқызы	8 «А»	Қазақ тілі мен әдебиеті	Кулжанова Гулжахан Сайлауовна	Аудандық		I орын
					Облыстық		III орын
2	Қасымжан Муслима Шұхратқызы	5«В»	орыс сынып-ғы қазақ тілі	Арынова Гулбершан Гаппаровна	Аудандық		I орын
					Облыстық		Мектеп қағазы
3	Жарылқап Алина Дәулетбеқызы	8	Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі	Мырзаева Айжамал Дүйсенбековна	Аудандық		I орын
					облыстық		Мектеп қағазы
4	Жарылқапқызы Арай Асқарқызы	7	Биология	Оспанова Дана Тургынбековна	аудандық		I орын
5	Мейрамбек Ерсайын Ғалымбекұлы	11	Математика	Демеуова Сандуғаш	аудандық		I орын
6	Айтбай Асылжан Лесбекұлы	10	Информатика	Омарова Жанат	аудандық		I орын
7	Рысбек Гулжайна	3	«Бастау» олимпиадасы Математика пәнінен	Жуманазарова Гульнар Тожибаевна	Аудандық		I орын
					Облыстық		III орын

Дарынды балалармен жұмыс:

Дарынды оқушыларды анықтап, олармен қосымша жұмыстар атқару мақсатында «Зерде» оқушылар ғылыми қоғамы құрылып, қоғам мүшелері мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес желтоқсан айының 22-не оқу ісінің орынбасарлары тарапынан «Дарынды және талантты балалармен жұмыстың ұйымдастырылуы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың бағыттары, дарындылықты анықтау критерийлері мен параметрлері туралы ой-талқы жүргізіліп, математика, физика пәндері бойынша жүргізілген жұмыстардың үлгісі таныстырылды.

Педагогтардың озық тәжірибені таратуы мен басылымдарға жариялануы:

Бастауыш сынып мұғалімдері Ш.Уалиханова, Н.Құдайбергенованың «Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту» тақырыбында мақаласы «Педагог хабаршысы.kz» журналына, Рысбекова Банудың технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбында мақаласы «Үздік мұғалім методикасы» журналында жарық көрді.